



ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЖАҢАДАН ЗЕРДЕЛЕУ – ӨМІР ТАЛАБЫ

Мұхтарбек ҚӘРІМОВ

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
Манаши Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер
жылыми орталығының директоры, т.ә.к., профессор, Семей қ.*

Қазақ елінің сан ғасырлық тарихын қайта зерделеу – кезек күттірмейтін, өмірлік қажеттіліктен туындаған, дер кезінде көтеріліп отырған мәселе екен-дігі белгілі.

Керек десек бұл ұлттық қауіпсіздіктің де мәселесі. Олай деуімізге толып жатқан себептер бар. Ең бастысы әрбір қазақ баласының, әрбір қазақстандықтың бойынан табылуға тиіс – Отанға жаңы ашу, оны құрметтеу және сүю сияқты қасиеттерге негіз болатын тарихи санамен тарихи жадыны қалыптастыру – өмірлік қажеттілік. Елінің тарихын білетін, қыын қыстауда ол үшін жаңын піда етуге дайын болатын адамды айтпағанның өзінде, Отаның сүйеттің азамат бүгіндері қоғамда кездесіп жататын келенсіздіктерге ұрынар ма еді?

Сондықтан да азаматтарымыздан нақты Қазақстан тарихы сана мен жадыны қалыптастыру үшін аса тартымды қабылданатын, нақты деректерге негізделген, шынайы тұжырымдар жасалған Отандық тарихты зерделеу және жазу күн тәртібіне шықты. Отандық тарих қашанда мемлекеттің мұддесіне, елдің өртегіне қызмет жасауы тиіс.

Азаматтарымыздан нақты Қазақстан тарихы әлі жазылмаган немесе бүгінгі қолданыстағы Отан тарихы мүлде бүрмаланған деген үстіртін пікірді де жиі естіп қалып жатамыз. Ал шындығында, бізде қалай болғанда да тарих бар. Жоғары теориялық-методологиялық деңгейдегі Отан тарихының өзі-ак Қазақстан тарихшыларының бірнеше буынының өкілдерінің баға жеткізсіз еңбегінің жемісінің көрінісі болып табылады.

Біздің ойымызша, Қазақстан тарихының негізгі құрылымдары сакталына отырылып, оның бүкіл мазмұны жаңа сапалы деңгейге шығуы тиіс. Ең бастысы, оның негізінде мүлде жаңа базалық және ұстындық ұстанымдар тұруы қажет.

Біздер тікелей ертеңгі мамандармен жұмыс істеп отырған ұстаздар болғандықтан да орта мектептер мен жоғары оку орындарына қатысты тарихи білім берудің ең озық осы заманғы тәсілдері мен әдістеріне негізделген біртұтас мемлекеттік стандарттың болу қажеттілігі талабын толық қолдаймыз.

Осы мәселеден келгенде жаңа түрғыдағы, бір ізді жазылған сапалы оқулықтардың қажеттілігін айттар едік. Отан тарихына қатысты оқулықтардың беттерінде әлі күнге дейін бұрынғы тұжырымдар берік орын алған. Соның бірі – Қазақ мемлекеттілігінің тарихи сахнаға шығу уақыты. Кезінде бұл туралы академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев Қазақ мемлекетінің пайда болуын Акордадан бастау керек деген көnlігे қонатын ұсыныс айтқан еді. Шынында, ұзакқа созылған монгол кезеңінен кейінгі Қазақстан жеріндегі бірден-бір болған ірі мемлекет Ақорда екендігі белгілі. Бір шаңырақ астына жиналған тайпалардың бұрыннан келе жатқан тіліндегі, дәстүрлеріндегі және т.б. айырмашылықтардың бірізділенуінің Акорданың кезінде болғаны аян. XX ғасырдың 90-жылдардың басындағы бетбұрыстық кезеңде Отандық тарихтың көшбасшысы болған және оны заман талабына сай арнаға бұра білген үлкен ғалымның айтқандарында да шындық бар.

Сол сияқты, осы Ақордадан кейін іле-шала айтылатын Әбілхайыр билік құрган Өзбек хандығына байланысты қөзқараста мұлде дұрыс емес. Қебіне Отан тарихын оқыған адамда Өзбек хандығы біздікі емес, оны билеген Әбілхайыр хан да, Мұхаммед Шәйбәни де бізге жат, қазакқа жау болған тұлғалар деген қөзқарас қалыптасады. Ал шынтуайтына келгенде Өзбек хандығы деген мемлекеттік құрылым Ақорданың өзі немесе жалғасы емес пе? Оны билеген Тоқтамыс та, Әбілхайыр да және т.б. Ақорданы кезекпен билеген екі династияның бірінің өкілдері емес пе еді? Бұғінгі өзбек тарихшыларының жазғандарын оқығанда, олар Әбілхайыр заманының өзбектерін мұлде қазаққа қатысы жоқ етіп көрсетуге жандарын салатынын көреміз. Бізден бұрынғы қазактардың үтігінің Өзбекстан жеріндегі Кенес өкіметі орнаганға дейінгі тұрғындарды – тәжігін тәжік, сартын сарт, өзбекін өзбек деп, бір-біріне қоспай, анық аттайтын болған. Бізден бөлініп кеткен ағайындарға байланысты айтылатын қазактың «Сарт – садағам, өзбек – өз ағам» деген белгілі мақалы да сол бір тарихи оқиғалардан хабар беретіні анық. Біздің айтпағымыз, осы мәселеде де нақтылық керек.

Оқулықтың беттерінде әлі күнге дейін «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты төңкеріске дейінгі қазак оқырмандары арасында екі бағыт болды, көтерілісті колдап, оны Оралда Сейтқали Мендешев, Ақмолада Сәкен Сейфуллин, ал Жетисуда Тоқаш Бокин бастап шықты» деген жаңсақ тұжырым қалмай келеді. Кейіннен большевиктердің позициясына шыққан қазақ оқиғандарының басқа да қазақ азаматтары сияқты бұрқ ете түскен көтеріліске жандарының ашығандары сөзсіз. Бірақ олардың осы оқиғаға белгілі бір әсерлері болды деу киын. Қазақстанның түрлі өнірлерінде болған көтерілістерді Амангелді, Бекболат және Ұзақ батыр сияқты жергілікті беделді тұлғалардың бастап шықкандары аян. Ал большевиктік пиғылда болған тұлғаларға болмағанды болғандай етіп көрсету тұжырымы кезіндегі таптық қөзқарастың жемісі.

Сондыктан да, бұғандері бұл мәселе де нақтылауды қажет етеді. Сәкен Сейфуллиннің Ақмоладағы көтерілісті немесе қозғалысты бастамағаны оның тамаша туындысы «Тар жол тайғақ кешуді» оқығаннан-ақ белгілі болады.

Орта мектептің тарих пәніне арналған оқулықтарының тым ғылымилығы, тілінің ауырлығы, шүбәлі тұжырымдардың оларда да қалмай келе жатуы жас үрпакқа берілуі тиіс тарихи білімінің қабылдануын қыннадатыны рас. Мәселен, 6 сыныпқа арналған оқулықта шәкірттердің қабылдауына ауыр тиетін толып жатқан археологиялық мәдениеттер берілген. Біздің оймызыша, шәкірттерге арналған оқулықтар сыныптарына қарай құрделенуі тиіс.

Оқулықтар мәселесіне байланысты айтқанда еріксізден кеңестік дәуірдегі көптеген үрпак оқыған оқулықтар еске түседі. Біреу бізben келісер, біреуі келіспес, қалай болғанда да сол заманның оқулықтарының жазылуынан әлі күнге дейін үлгі алуға болады. Кез келген нәрсеге мемлекет мұддесі тұрғысынан ғылыми негізде қаралғанын ұмытып қалмаған шығармыз. Біздің оймызыша, мектепке арналған оқулықтар жазылғанда шығармашылық топтар құрамына белгілі ғалымдар мен бірге ете тәжірибелі және білікті мектеп мұғалімдері де тартылуы тиіс. Сондағана мектептің ерекшеліктері еске алынбақ.